**Мектеп алды даярлық «б» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Бекітемін:
Оку ісі жөніндегі орынбасары: Абдижалелова А.Ж          Сынып жетекшісі:Махмут М.М

**Білім беру ұйымы: М.Жұмабаев атындағы ЖББОМ**
**Балалардың жасы :** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі :** 16-20 қаңтар, 2022-2023 оқу жылы

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 16.01.2023 | Сейсенбі 17.01.2023 | Сәрсенбі 18.01.2023 | Бейсенбі 19.01.2023 | Жұма 20.01.2023 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | *Балаларды қабылдау: балаларды жақсы ,көтеріңкі көңіл -күймен қарсы алу.Балалар үшін қолайлы жағдай жасау,бал бүгінгі көңіл-күйі туралы,оны не қызықтыратыны туралы әңгіме жүргізу, жеке пікір білдіруге баулау **( сөйлеуді дам коммуникативті іс -әрекет)*** | | | | |
| | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті ( баяу қимылды ойындар,үстел - үсті ойындары,бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Балаларды қабылдау Қалай демалғандарын сұрау. Тазалықтарын тексеру. Еңбек тапсырмасы: Ойыншықтарды жуу,сөреге жинау. | Ойын: «Ғажайып қоржын». Ойынның шарты бойынша көздеріңді жұмып қоржыннан кез - келген ойыншықты аласыңдар. Алған ойыншықтарыңның атын, неден жасалғанын, түсін, қатты, жұмсақ екенін айтып, жақсы мейірімді тілек білдіресіңдер. Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю,түбін қопсыту. | Кітаптар күтімі жайлы әңгімелесу,жұмбақтар шешу. Еңбек тапсырмасы: үстелдерді дұрыстап қою. «Қандай ойыншық жоқ?» Мақсаты: Есте сақтау қабілетін дамыту. Балаларды жылулық шеңберіне жинау. | Үстел мен орындықтар туралы әңгімелесу. Не себепті қажет? Оларға қандай күтім жасау керек екенін білу. Шаттық шеңберіне шақыру. | Фотосуреттер қарас «Менің қолыммен жасалған суреттер» Фотосуретке бейнел ойыншықтарды атаі беру. Еңбек тапсырмасы: Топты жинастыру,сөрелер, шаңдарын сүрту. |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру. | **Ата-аналармен әңгіме:** Оқушылармен жеке жұмыстар туралы айту. | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістіктері туралы айту. | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тамақ ішу әдебін қалыптастыру. | **Ата -аналармен әң** «Дұрыс тамақтануға баулу» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру. | **Ата-аналармен әңгіме**: Оқушылармен жеке жұмыстар туралы айту. | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістіктері туралы айту. | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тамақ ішу әдебін қалыптастыру. | **Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу» |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған, іс-әрекет** | **Дене шынықтыру** **Қ.О: «Аққу-қаздар »** **Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу. **Ойын мазмұны:** Алаңның бір шетіне қаздар тұратын үй белгілен еді,қарсы шетіне бақташы тұрады. Үйдің бір жақ бүйірінде қасқыр тұра-тын үңгір болады. Алаңның қалған жері жайылым болады. Бақташы қаздарды жайылымға қуып шығады,олар жайылып жүреді. **Бақташы:** Қаздар, қаздар, қаңқылдап, Барасыңдар қай жаққа. | **Математика негіздері** **Міндеті:** - Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен есептерді шығару; Суретті қарайды, есеп құрастырады, шығарады. Педагог есеп құрастырудың үлгісін көрсетеді: аквариумда қызғылт сары түсті 3 балық және күлгін түсті 2 балық жүзіп жүрді. Аквариумда қанша балық жүзіп жүр? - Балалар үлгіге сүйене отырып, қалған суреттердегі тапсырмаларды құрастырады, шешеді, жауабын атайды. -Екінші аквариумда неше балық бар? Олар бірдей ме? -Үшінші аквариумда неше балық бар? | **Дене шынықтыру** **Қ.О:«Белгіні тыңда»** **Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу. **Ойынның шарты:** балалар шеңбер бойында тұрады. Тәрбиеші жалаушамен алға деген белгі бергенде балалар мәреге жету керек, жете алмаған бала өз өнерін көрсетеді. **физикалық қасиетті қалыптастыру дағдылары.** **Сауат ашу негіздері** **Математика негіздері** | **Көркем әдебиет коммуникативтік іс –әрекет** **Сауат ашу негіздері** **Қоршаған ортамен таныстыру** **Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар.** **Музыка** | **Дене шынықтыру** **Қ.О: «Құлатып алмай апар»** **Мақсаты :** Балалардың дене қимыл қозғалыстарын дамытып,тепе –теңдікті, дәлдікті сақтай білуге үйрету. Арқаларын түзу ұстап, дұрыс жүруге дағдыландырып, тәрбиелеу. **Ойынның шарты** : Әр балаға спорттық бұрыштағы құм салынып тігілген кішкене жастықшалар таратылады. Балалар оларды басына қойып, түсірместен , себетке апарып салады. Себетке жеткізбей, жастықшаны түсіріп алған бала айыппұл ретінде өлең не тақпақ айтады. **физикалық қасиетті қалыптастыру дағдылары.** **Математика негіздері** **танымдық-зияткерлік дағдылар** **Қазақ тілі** **Музыка** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қаздар:**Айна көлі жалтылдап,<br>Жатқан жасыл аймаққа.<br>Бақташы:Біздің жер ге түсе кет,<br>Түсіп сусын іше кет.<br>Қаздар:<br>Сіздің жерге<br>түсеміз<br>Түсіп сусын ішеміз<br>Бақташы: Болсын онда жол жайлы!<br>Қаздар:Бізге ол жақ қа болмайды,<br>Жолды тосып тұр сұр қасқыр.<br>Бақташы:Олай<br>болса, қалаған,<br>Жақтарыңа<br>бар аман.<br>Қаздар қанаттарын жайып,<br>жайылым арқылы<br>үйлеріне ұшады, ал қасқыр<br>үңгіршектен | Балалар сұрақтарға жауап береді.<br>Аквариумдағы балықтарды санап, есеп құрастырады<br>**Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:** - Белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру.<br>1.Суретті қара. Ертегінің жүйесін сурет бойынша баянда.<br>Ертегі кейіпкерлерінің қимыл-әрекетін және эмоциясын келтір.<br>2.Жұмбақты шеш.<br>Ә дегеннен тап береді,<br>Тап бергеннен қақ бөледі. (Балта)<br>Ескегі бар, жүзбейді,<br>Ұшудан үміт үзбейді. (Желдирмен)<br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті --** Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім- | **танымдық-зияткерлік дағдылар**<br>**Сөйлеуді дамыту ойын, коммуникативтік іс –әрекет).**<br>**Жеке жұмыс**<br>**С.Д**<br>**Мозайка құрастыру. «Құрылысшы»** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүгіріп шығып, оларды<br><br>ұстауға тырысады. Ұсталған қаздар<br><br>қасқырдың үңгіріне қарай жүреді. Бірнеше рет жүгірі стен кейін<br><br>қасқырдың ұстаған қаздарын с анайды. Ойын 3-4 рет қайталанады.<br><br>**(Физикалық қасиетті қалыптастыру дағдылары)**<br><br>**Сөйлеуді дамыту** «Ақсақ құлан» аңызын мазмұны бойынша әңгімелету<br><br>–Балалар, құлан – жылқы тектес жануар.<br><br>–Сендер жылқыны білесіңдер ме?<br><br>–Құланың да, жылқы сияқты, жалы бар, бірақ ол – жабайы жануар. Ертеде аң сияқты, құланды да аулап | кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен таныстыру.<br><br>Қазақ халқының шеберлері асхана аспаптарын, тұрмыстық заттар, жиһаздар дайындауда қандай материалдарды қолданған балаларға көрсету,<br><br>Осы заттарды бояту.<br><br>**Жеке жұмыс**<br><br>**М.Ж «Боямақ бояу»**<br><br>**Сурет салу,мүсіндеу,апплик ация,құрастыру.** | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | етін жеген.<br><br>–Мен сендерге «Ақсақ құлан» аңызын оқып берейін. Аңыз – бұл түп нұсқасы болған оқиға. Ауыздан-ауызға ұмытылмай жеткен оқиғаны аңыз деп айтамыз. Қазір мен сендерге «Ақсақ құлан» аңызын мәнерлеп оқып беремін.<br><br>**Жеке жұмыс**<br><br>**Т.Т**<br>**Суретпен жұмыс ойын,қарым-қатынас,коммуникативтік іс –әрекет.**<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті**: Буындарға буын қосып сөз құрап айтуға жаттықтыру арқылы зейін мен есте сақтауларын дамыту | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Д.О : **«Тиісті белгіні көтер»**<br><br>Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда, қызғылт сары  дөңгелекті көтереді.<br><br>«Кім көп сөз ойлап айтады?» дидактикалық ойыны<br><br>–  Н дыбысынан басталатын сөздер ойлаңдар, сөздерді шапалақпен буынға бөліндер, қанша буын атасындар.<br><br>–  Нан, нар, ну, нарын, немене, не, неге, нағыз, Нұрлан, Нұргүл, неке, нақ, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | неліктен.<br><br>– Р дыбысынан басталатын сөз ойлаңдар. Кім көп сөз ойласа, соған бір фишкадан беріліп отырады.<br><br>– Радио, рауғаш, рас, рет, резеңке, рең.<br><br>Ойын соңында фишкаларды санап, жеңімпазды анықтайды.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру Табиғатты суреттеу**.<br><br>Оқушылар біз бүгән табиғат әлеміне саяхаттаймыз.Бұлар дың бәрі бізді қоршаған табиғатқа жатады. Осы ағаштар табиғаттың қай түріне жатады? Тірі табиғат. Оны неліктен тірі табиғат деп атаймыз? | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Одан әрі саяхатымызды жалғастырамыз.<br><br>-Не естідіңдер?<br><br>-Тағы не көрдіңдер? Орман жануарлары. Олар да тірі табиғатқа жатады. Тірі табиғатқа жатады - адам. Осы тірі табиғаттың қажеттіліктерін атайық: ауа, тамақ, су, жарық, жылу.<br><br>Одан әрі саяхатымызды жалғастырайық. Таудан сарқырап аққан өзенді көрдік. -Енді табиғатта өлі денелер бар. Оларды тамашалайық.<br><br>Күн, су, тау, тас, ауа, Бұлардың бәрі табиғи денелер. Бұдан басқа жасанды денелер болады, олар адам қолымен жасалады. -Жасанды денелерге не жатады?<br><br>-Машина, үй, парта, кітап, т. б. Кез - келген денелер заттан тұрады. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мысалы: доп - дене, резеңке - зат,<br><br>парта - дене, ағаш - зат, т. б.<br><br>-Қане, мына суреттен жасанды денелерді табайық.<br><br>Ал осы табиғатта болып жатқанның барлығы табиғат құбылыстары. Табиғат құбылыстары: жаңбырдың жауыы, қардың жауыы, найзағай, кемпірқосақтың шығуы, жапырақтың түсуі, т. б<br><br>**Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар.** | | | | |
| **Серуенге дайындық Серуен** | Қыс мезгіліне қатысты киімдерді атау,оларды реттілікпен киіну.Даладағы қауіпсіздік ережелерін сақтау. | | | | |
| **Серуен кезіндегі іс-қимыл әрекет** | Қ.о «Аққала жасаймыз»<br>Балалар сапқа тұрып екі топқа бөлініп аққала жасап жарысып ойнайды. | Шанамен сырғанап ойнау.<br>Балалар бір-бірін тасымалдайды.<br>Сырғанақтан қызықты ойындар ойнайды. | Ауа-райын бақылау.<br>Қарды қолғап киген қолдарымен ұстап,бақылап көру.<br>Ауладағы қар тазалаушысының еңбегін бақылау.Көмектесу. | Қ.о «Біз көңілді балалар»<br>Музыка қосылып таза ауада сергіту сәттерін жасау.Тәрбиешінің нұсқаулығы бойынша. | Ауа-райын бақылау.<br>Мұзды қолғап киген қолдарымен ұстап,бақылап көру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Балалардың  киімдерін ретімен шешуін қадағалау,  тіл ұстарту жаттығулары ,санамақтар  қайталау  т.б**. ( көркем әдебиет , ойын  әрекеті,еңбек қызметі)** | | | | |
| | | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Шамшатқызы Нұрайшамен буындар арқылы жұмыс жасау. | Таңжарықов Темірланмен артикуляциялық жаттығулар жасау. | Әмитжан Әлимен суретпен жұмыс. | Серікова Томириспен буындар арқылы сөз құрау. | Бауыржанқызы Мадинамен қарапайым есептер шығару. |
| **Балалардың үйге  қайтуы** | Оқушыларда суретпен жұмысты жетілдіру.Коммуникативтік тілдік-дағдыларын қалыптастыру. | | | Қалың киімдерін киіп,қолғаптарының болуын ата-аналарға ескерту. | |